

ҰЛЫТАУ ӨңІРІНДЕ ЭТНО ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Қапбарова Диана Ғабитқызы

dkapbarova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Экономика факультетінің туризм мамандығының студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшілер: Абдраманова Г.Қ. к.э.н, Аубакиров Қ.С

Ұлытау өңірінде туризмді дамыту мемлекетіміздің қазіргі тандағы қолға алынған шараларының бірі болып отыр. Алдағы уақытта Ұлытауды Қарағанды өңірінің туристік брендіне айналдыру көзделуде. Туризмді дамыту барысында біршама жобалар іске асуда. Сондықтан Ұлытау өңірінде туристік визит орталығы құрылды [1].

2018 жылдың шілде айының 17 күні жаһанды жалт қаратқан Жезқазған-Ұлытау өңірін ән-күйге бөлеген I халықаралық «Жезкиік» музыкалық фестивалі өтті. Қарағанды облысы ғана емес, қазақ үшін маңызы зор шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бастау алды. Сайын дала Сарыарқа сұлулығының символы – Жезкиіктің ол өнер жәрмеңкесіне атау болуының да өзіндік маңызы зор. Кеше Кетбұғадай билер кеңес құрып, «Ақсақ құландай» ұлы музыкалар дүниеге келген ұлт бесігі Ұлытауда мұндай іс-шараның ұйымдастырылуы тарихтан тағылымды сыр шертіп жатты. 2019 жылы Ұлытауға 20 000 артық турист келген. «Қазақтуризм» Ұлттық компаниясының мамандары оны Jezkiik этникалық музыка фестивалімен байланыстырып отыр. Халықаралық деңгейде өткен шара екінші жыл қатарынан Болатсай елді мекенінде өтуде. Осыған орай Қарағанды облысында Jezkiik фестивалінің шеңберінде Ұлытауда туризмді дамыту әлеуеті мен мәселелерін талқылауға арналған туристік форум өтті. Форумға қатысушылар қатарында Қазақстан, Германия, Моңғолия, Түркия және Қырғызстаннан келген туроператорлар болды. Форумда сондай-ақ туристік бизнестің жаңа трендтері туралы да сөз қозғалды. Дүниежүзілік туристік ұйымның зерттеулеріне сүйенсек, бес жұлдызды жайлы қонақ үйлердегі демалыс қазіргі таңда өзектілігін жоғалтуда. Жылдан жылға жиһангездердің көбісі этно және экотуризмді таңдауда. Адамдар келген ел туралы көбірек ақпарат алуды қалайды. Оның мәдениетін зерттеп, жергілікті халықпен араласқысы келеді. Шет елдік туристерді Қазақстан аумағында Ұлы Жібек жолы өткені туралы деректер қызықтырады [2].

Ашықаспан аясында шымылдығын түрген фестивальдің бірінші күні, 12 шілдеде туроператорлар форумы ұйымдастырылды. Ол Ұлытау ауылының маңында орналасқан Этноауыл аумағында өтті. Оған туристік бизнес, қауым-дастықтар, мемлекеттік органдар, «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы, қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты. Ақпараттық турға Ресей, Қытай, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің шетелдік әріптестерімен серіктес Астана, Алматы қалалары, Ақмола, Жамбыл және Қарағанды облыстарынан 60-қа жуық туристік операторлар мен туризм қауымдастықтары қатысты. Ақпараттық турдың бағдарламасы тарихи-мәдени, киелі және туристік нысандарға баруды көздейді. Сонымен қатар фестивальдің беташар шарасы ретінде мәртебелі меймандар БАҚ өкілдерімен жүздесіп, баспасөз мәслихатын өткізді[3].

Ал, 14 шілде күні «Жезкиік» шеңберінде Ұлытау ауданының Болатсай мекенінде фольклорлық музыка фестивалі өтті. Фестивальға Мексика, Перу, Польша, Ресей, Түркия, Тәжікстан, Франция, Шотландия, Жапония және Қазақстаннан жиналған 11 кәсіби ұжым қатысты. Тура сол күні Жезқазғанда Кеңгір су қоймасы жағалауының бойымен этномузыка фестивалі қатысушыларының шеруі, қатысушылар галаконцерті мен марапатау рәсімі, солистердің қызыл кілем үстімен өткен дефилесі болды. Сонан соң отандық және шетелдік әртістердің қатысуымен классикалық музыка концерті қойылды. Онда 10 елден (Қазақстан, Түркия, Ресей, Әзербайжан, Аустрия, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан, Молдова, Италия)

келген 17 солист өнер көрсетті. Фестиваль аясында Жезкиік феномені жайлы жақсы ойлар айтылды. Қасиетті Ұлытау жерінің рухын сезіну үшін фестивальға қатысушылар Жошы хан мен Алаша хан мазарларын, тарихи және мәдени ескерткіштерді аралап, « Хан ордасы» тарихи кешенінде болды [4].

Үш күнге созылған айтулы музыкалық оқиға «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы және «Туған жер» арнайы бағдарламасын іске асыру аясында өткізілді. Сондай-ақ фестивальдің Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау, қазақ фольклорын дамыту және классикалық музыканы насихаттау, туристік кластерді дамыту, халық мәдениетін жан-жақты танымал ету мақсатында жүзеге асырылып отырғандығын да айта кеткеніміз жөн. Форум қорытындысы ретінде “ Қазақтуризм” ұлттық компаниясы мен Моңғолия, Германия және Швейцариялық “ Инди гайд” компаниясы мен Қазақстан скаут қозғалысы ұйымының арасында орнатылған меморандумды айтуға болады. Бұл меморандумдар Моңғолия мен Қазақстан арқылы өтпелі турлар ұйымдастыруға, балалар-жасөспірімдер туризмін танымал етуге және осылайша Қазақстанға шет елдік туристерді тартуға мүмкіндік береді[5].

Қасиетті Ұлытау өңірінде жыл сайын өткізіліп отырған Жезкиік фестивалін алдағы уақытта оданда жоғарғы деңгейде өткізу үшін көптеген жағдаяттарды қарастыруымыз қажет. Шетелдік және еліміздің туристері үшін туризмнің тарихи және этно туризм түрі қызығушылық тудырып отыр. Бұл Ұлытау жерінің туризміні дамытуына деген бірден бір мүмкіндік.

Ол үшін біріншіден туристер үшін жататын орын мен тамақтану орындары жоқтың қасы. Сондықтан мемлекет қолдауымен шағын төрт жұлдызды қонақүй орталықтары мен тамақтану орындары ашылса туристер үшін қыйыншылық туғызбас еді.

Екіншіден ауданға жиі жүргізілетін трансферлер қажет. Қазіргі таңда туристік объект болып табылатын Ұлытау өңіріне деген трансфер көзі жеткіліксіз. Ұлытау ауылына қарасқан Малшыбай кешенінің 2 км жерінде салынған Қазақстандағы бірден-бір ерекше мазарлар - Алаша хан , Жошы хан мазарлары орналасқан[6,7]. Қазіргі таңда тарихы тереңде жатқан қос мазарға деген экскурсиялық сұраныс саны өсуде. Сол себепті Ұлытау өңіріне арнайы отандық туроператорлардың қолдауымен маршрут құрастырылуы қажет. Еліміздегі осындай тарихқа тұңған киелі жерімізді дүниежүзілік брендке айналдыру біздің қолымызда. Иновацияның қарқынды дамыған заманында Ұлытаудың сұлу табиғатын жаңа технологияларға сүйенеіп жарнамалау. Жарнама арқылы тек отандық емес халықаралық турист назарын қарата аламыз.

Қорытындылай келе мақаланың негізгі мақсаты Ұлытау ауылын туризм орталығына айналдыру. Жезкиіктей мемлекетімізде үлкен мәртебесі бар фестивальдің жандануына ықпал тигізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Ұлытаудағы туристер ағыны екі жылдың ішінде екі есеге ұлғайды <http://ulytau-akimat.crealog.kz/kk/news/id/3223>
- 2) Ұлытауды Қарағанды өңірінің туристік брендіне айналдырмақ <http://ulytau-akimat.crealog.kz/kk/news/id/3130>
- 3) Ұлытау газеті Сенбі, 11 тамыз, 2018 жыл
- 4) Жаһанды жалт қаратқан «Жезкиік» , 17 Шілде, 2018 <https://egemen.kz/article/171862-zhaqandy-dgalt-qaratqan-zhezkiik>
- 5) <http://ulytau-akimat.gov.kz/kk/news/id/3129>
- 6) Алаша хан күмбезі 13:09, 2019 ж. қаңтардың 3. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88%D0%B0_%D1%85%D0%B0%D0%BD_%D0%BA%D2%AF%D0%BC%D0%B1%D0%B5%D0%B7%D1%96
- 7) Жошы хан кесенесі 21:52, 2016 ж. қарашаның 29. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%BE%D1%88%D1%8B_%D1%85%D0%B0%D0%BD_%D0%BA%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%96